

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚҰҚЫҚ, II

Халықаралық гуманитарлық құқық
1-бөлім





М. Шоудың айтуынша, халықаралық құқықта күш қолдануды реттейтін (яғни *jus ad bellum*) нормалардан басқа соғыс жүргізуді реттейтін нормалар (*jus in bello*) да бар. Ондай нормалардың қатарына, мысалы, соғыс тұтқындары мен оккупацияланған территориядағы бейбіт тұрғындармен, жаралылармен және сырқаттармен қарым-қатынас жасау мен соғысудың тыйым салынған әдістерін, соғыс кезінде адам құқықтарын реттейтін нормалар жатады. Бұл нысан басында соғыс құқығы деп аталды. Кейін қарулы қақтығыс құқығы деп атала бастады. Ал, соңғы кездерде халықаралық гуманитарлық құқық деп аталып жүр. Халықаралық гуманитарлық құқық, негізінен, халықаралық конвенциялардан туындайды. Алайда көптеген нормалары ішінара немесе толықтай халықаралық әдет-ғұрыптың нормалары болып есептеледі.

М. Шоудың бұл тұрғыда кейбір халықаралық әдет-ғұрып құқығы нормаларының күші конвенция нормаларынан басым деуге болады деген пікірімен келісуге болады. Дегенмен халықаралық гуманитарлық құқық халықаралық құқықтың ең жинақталған саласы болып саналады. Халықаралық құқық нормаларына сүйену белгілі бір қақтығысқа қатысы бар бір немесе бірнеше мемлекет тиісті конвенцияның қатысушысы болмаған кезде айрықша маңызды. Бұның айқын мысалы ретінде Эфиопия мен Эритрея дауын шешу жөніндегі комиссияның жұмысын атауға болады. Эритрея 1949 жылдан 2000 жылғы 14 тамызға дейінгі Женеваның төрт конвенциясына қосылмағандықтан, комиссия тек халықаралық гуманитарлық құқық нормаларын қолдануға мәжбүр екенін айтты. Екінші жағынан, халықаралық шарттарда бекітілген және сол шарттарға қатысушы мемлекеттерде ғана қолданылатын нормаларды халықаралық әдет-ғұрып нормалары дей алмаймыз. Әсіресе, 1949 жылғы Женева конвенциясының I және II қосымша хаттамаларын қолдану кезінде қарама-қайшылыққа тап болғанда мұндай көзқарастың маңызы зор. Соңғы кездері халықаралық гуманитарлық құқықтың даму үрдісіне оның адам құқығы жөніндегі халықаралық құқықпен жақындай түсуі, сондай-ақ бұл тұрғыдағы халықаралық қылмыстық құқықтың өзектілігі әсер етіп отырғаны рас.

Дамуы

Халықаралық гуманитарлық құқық XIX ғасырдың ортасынан бастап дами бастады. 1864 жылы швейцарлық қоғам қайраткері, кәсіпкер Анри Дюнанның осыдан бес жыл бұрын Сольферино маңында өткен шайқас туралы жаңашыл еңбегі жарық көргеннен кейін майдандағы соғыста жарақат алғандардың жай-күйін жақсарту туралы Женева конвенциясы қабылданды. Осы шағын құжат 1906 жылы қайта қаралған. 1868 жылғы Санкт-Петербург декларациясында шағын көлемді жанғыш және жарылғыш снарядтарды қолдануға тыйым салынды. Соғыс құқығы 1899 және 1907 жылғы Гаага конференцияларында жинақталған. Осы конференцияларда қабылданған құрлықтағы және теңіздегі соғыс туралы бірқатар нормалар әлі күнге дейін соғыс нормаларының негізі болып келеді.

Соғысушы тараптар бұрынғыдай бейбіт халықтар құқығына бағынады, яғни қорғансыз елді мекендер мен қалаларға шабуыл жасауға тыйым салынады. Бұл нормаларда соғысушы тарап мәртебесі қай кезде берілетіні және оккупацияланған территорияда қабылдануға тиіс шаралардың тізімі бекітілген. Сондай-ақ, бейтарап мемлекеттер мен жеке тұлғалардың соғыс кезіндегі құқықтары мен міндеттері белгіленген. «Қару-жарақ, снарядтар мен қажетсіз зорлық-зомбылық құралдарын» қолдануға үзілді-кесілді тыйым салынған. Алайда М. Шоу бұл нормалар тиісті деңгейде қолданылмай келгенін алға тартады. Басты себебі, көптеген нормалардың қолданылуы екі тараптың бір-біріне көзқарасына, қоғамның пікіріне, моральдық талаптарға тәуелді.

Екі дүниежүзілік соғыс аралығында қабылданған бірнеше конвенцияда соғыста жарақат алғандар мен ауруларға, соғыс тұтқындарына қатысты нормалар бар. Аталған нормалардың орнын 1949 жылы Женевада Қызыл крест аясында қабылданған төрт конвенция алмастырды. Олар соғыста жарақат алғандар мен науқастардың жағдайын жақсарту, теңізде кемесі суға батқан әскери жаралылардың, науқастардың жағдайын қадағалау, соғыс тұтқындарымен қарым-қатынас және соғыс кезінде бейбіт тұрғындарды қорғау туралы еді.



Конвенциялардың төртіншісі дәл сол кезең үшін жаңашыл конвенция ретінде қабылданды. Өйткені ол құжат қарулы қақтығыстар мен оккупация салдарынан қарсы мемлекеттің билігінде қалып қойған бейбіт азаматтарды қорғауға тырысады. Осылайша, қазіргі кезде халықаралық шарттардың екі тұтас санаты қалыптасты. Халықаралық сот бұл тұрғыда былай деп пікір білдірді:

Ең әуелі күш қолдануға қатысты мемлекетаралық нормалардың немесе дәстүрлі түрде «соғыс құқығы мен әдет ғұрыптарының» жиынтығы саналатын «Гаага құқығы» мен қарулық қақтығыс кезінде жеке адамдарды қорғауға арналған нормалардан тұратын «Женева құқығы» өзара тығыз байланысқаны соншалық – олар уақыт өте келе, бүгінгі таңда бізге «халықаралық гуманитарлық құқық» деген атаумен мәлім кешенді құқықтық жүйені қалыптастырды. Сонымен қатар, М. Шоу адам құқығы жөніндегі халықаралық заңдар мен осы тақырыптағы муниципалдық заңдар халықаралық гуманитарлық құқықтың бұрынғыдан бетер күрделі, кешенді салаға айналуына ықпал етті, – дейді.

Халықаралық гуманитарлық құқықтың қорғау аясы

Жалпы, халықаралық гуманитарлық құқықтың нормалары мейлінше көп адамды қорғауға арналған. Алайда соғысқа қатыспаған адамдар мен комбатанттардың ара-жігін анық ажыратып көрсетеді. Женева конвенцияларына ортақ 2-бап бойынша бұл конвенциялар «келісуші тараптардың арасындағы кез келген соғысқа, басқа да қарулы қақтығыстарға, тіпті тараптардың бірі мұны соғыс деп мойындамаса да қолданылады», – деп көрсетілген. Сондай-ақ бұл нормалар бір тарап екінші тарапты толықтай немесе ішінара оккупациялағанда, тіпті оккупацияға душар болған тарап ешқандай қарулы қарсылық көрсетпегеніне қарамастан, қолданыла береді. Бұл конвенциялардың нормаларын тараптар жеке мүддесі үшін теріске шығара алмайды. Сондықтан осы конвенцияларда бекітілген қорғану деңгейін азайту үшін келісімге келуге жол берілмейді.

Жаралылар мен аурулар

Женева конвенциясының әрқайсысын жеке-жеке қарастыру орынды.

Бірінші Женева конвенциясы құрлықтағы жаралылар мен ауруларға қатысты. Бұл конвенцияда қарулы күштердің қызметкерлеріне, соның ішінде қосалқы қызметкерлерге, тіпті ұйымдасқан содырларға да «қандай жағдайда болмасын құрмет көрсетіп, қорғау қажет» делінген. Қақтығысқа қатысушы тараптардың оларды кемсітпей, адамгершілік тұрғысынан қарым-қатынас жасауға тиіс және олардың өмірін қиюға, зорлық-зомбылық көрсетуге тыйым салынады. Биологиялық эксперимент үшін азаптауға, сондай-ақ медициналық көмексіз қалдыруға болмайды. Жараланған және сырқаттанған күйде жаудың қолына түскен соғысушыларды әскери тұтқын деп атайды. Ондай кезде қақтығысқа қатысушы тараптар жаралылар мен сырқаттарды қорғау үшін қажетті шаралардың бәрін қабылдап, тиісті медициналық көмек көрсетуге, оларды «өлтіруге және тонауға жол бермеуге» тиіс. Қақтығысқа қатысушы тараптар қарсыластарының жаралы, сырқат және өлген адамдарын мүмкіндігінше тезірек есептеп, арнайы құралдар арқылы қарсы тарапқа тапсыруға тиіс. Конвенцияда медициналық мекемелер туралы, соның ішінде медициналық мекемелерге тиіспеу керектігі, белгілі ұйымдарға (Қызыл крестке, Қызыл жарты айға, III хаттамадан кейін Қызыл кристалға) шабуыл жасауға болмайтыны туралы айтылған.

Женева конвенцияларының екіншісінде теңіз қарулы күштері құрамындағы кемелің күйреуі салдарынан жараланғандар мен науқастардың жағдайын жақсарту көзделген. Ол да бірінші конвенцияға ұқсайды. Мысалы, қарулы күштердің жаралы немесе науқас қызметкерлеріне, соның ішінде қосалқы қызметкерлерге, сондай-ақ науқастар мен кеме апатынан зардап шеккендерге «қандай жағдайда болмасын құрмет көрсетіп, қорғау қажет» деген ұқсас норма бар. Қақтығысқа қатысушы тараптар оларды кемсітпей, адамгершілік тұрғысынан қарым-



қатынас жасауға тиіс және олардың өмірін қиюға, зорлық-зомбылық көрсетуге тыйым салынады. Госпиталь-кемелерге ешқашан шабуыл жасауға болмайды, керісінше оларды қорғап, құрметтеу қажет.

Бұл конвенцияның нормалары 1977 жылы қабылданған I хаттаманың I және II бөлімінде қолданылды. Мысалы, хаттаманың 1(4)-бабы конвенциялардың бәріне ортақ 2-бапты толықтырып тұр. Ол жерде Протокол БҰҰ Жарғысы мен 1970 жылғы Халықаралық құқықтың қағидаттары туралы декларацияға сәйкес, тек халық отарлық, басқыншылық, оккупация, расистік режимдерге қарсы күресіп жатқан қарулы қақтығыстар кезінде ғана қолданылу керек деп жазылған.

Соғыс тұтқындары

1949 жылғы үшінші Женева конвенциясы соғыс тұтқындарына қатысты. Бұл конвенция соғыс тұтқындарына қандай жағдайда болмасын адамгершілік тұрғысынан қарауды көздейтін жан-жақты нормалардан тұрады. Конвенцияның 4-бабында «соғыс тұтқындары» ұғымына анықтама беріледі. Онда «комбатант» ұғымына да анықтама берілген. Комбатант дегеніміз – қақтығысқа қатысушы тараптардың қарулы күштерінің, басқа да күш құрылымдарының, еріктілер корпусының, соның ішінде ұйымдасқан қарсылық қозғалысының қызметкерлері; оларды мына белгілерге қарап ажыратуға болады: а) бір жауапты адамға бағынады; ә) алыстан тануға болатын айрықша белгісі бар; б) қаруды ашықтан-ашық ұстап жүреді; в) соғыс заңдары мен әдет-ғұрпына сай соғыс жүргізеді. Бұл бапта Екінші дүниежүзілік соғыстың тәжірибесі көрініс тапқан. Қарсылық көрсетуші тұлғада осы төрт белгі де болуға тиіс.

М. Шоудың пікірінше, соғыс тұтқындарын қамтитын міндеттемелердің негізі «тұтқындардың адам ретінде қаралуы» туралы талапқа негізделеді. Сонымен бірге Конвенция режимінің негізінде әскери тұтқындардың денсаулығын сақтауға заңды міндеттемелері де бар. Айталық, 13-бапта әскери тұтқындарға әрдайым адамгершілік таныту және зорлық-зомбылық немесе қорқыту әрекеттеріне, соның ішінде «қорлау мен қоғамдық қызығушылыққа» қарсы тұру қажет делінген. Бұл дегеніміз – әскери тұтқындарды теледидардан, жалпы бұқаралық ақпарат құралдарынан көрсетуді қорлау деп табады және оларды өз «қылмыстарын» мойындауға, өз билігін ашықтан-ашық сынауға күшпен мәжбүрлеу Конвенция талаптарына қайшы келеді.

Әскери тұтқындарға қарсы репрессияға тыйым салынады. 14-бапта қандай жағдайда болмасын соғыс тұтқындарының жеке басы мен ар-намысын қорлауға тыйым салынған. Соғыс тұтқындары тек есімін, туған күнін, шені мен жеке нөмірін ғана атауға міндетті. 17-бап бойынша «соғыс тұтқынынан қандай да бір мәлімет алу үшін күш қолдануға, моральдық азаптау мен басқа да мәжбүрлеу шараларын қолдануға болмайды. Қойылған сұраққа жауап беруден бас тартқан соғыс тұтқынын қорқытуға, тіл тигізуге, жағымсыз қарым-қатынас жасауға болмайды. Тұтқынға түскен әскери қызметкердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін майдан шебінен алысырақ орналасқан лагерьге дереу алып кету керек. Ал 23-бапта «ешбір соғыс тұтқынын майдан шебіне, оқтың астына, майдандағы бекеттерге апаруға болмайды» делінген. Соғыс тұтқыны өзін тұтқындаған мемлекеттің тәртібі мен заңдарына бағынады. Соғыс тұтқынын тәртіптік жазаға тартуға, тұтқынға түскенге дейін жасаған қылмысы үшін соттауға, мысалы, соғыс қылмыстары үшін соттауға болады. Сондай-ақ тұтқындаған мемлекетке қарсы тұтқынға түскенге дейін жасаған басқа да қылмыстары үшін соттауға болады.

Бұл конвенцияның басқа нормалары медициналық емдеу, діни әрекеттер, тәртіп, еңбек, басқа да қарым-қатынастарға қатысты. Мысалы, 118-бап бойынша соғыс тұтқыны соғыс аяқталғаннан кейін дереу босатылуы тиіс. Соғыс тұтқындары туралы конвенцияны тек халықаралық қарулы қақтығыстарға қатысты қолдануға болады. Бірақ 3-бапта (конвенциялардың бәріне ортақ бап) «адамдар..., оның ішінде қарулы күштердің қызметкерлері бірінші болып қаруын тастаса, сырқатына, жарақатына, тұтқындалғанына немесе басқа да себептерге байланысты әскери қақтығысқа қатыспаған болса, оларға адамгершілік тұрғысынан қарау қажет» деп белгіленген.



Бейбіт халықты қорғау және оккупация

Женева конвенцияларының төртіншісі бейбіт халықты қорғауға арналған. Ол Гаага нормаларына (нақтырақ айтсақ, құрлықтағы соғыс құқықтары мен әдет-ғұрпы туралы IV Гаага конвенциясында тіркелген нормаларға) сүйенеді. Бұл конвенция соғыс пен оккупация басталғаннан кейін қолданыла бастайды және әскери операциялар аяқталған соң қолданылуы тоқтатылады. 1977 жылғы I хаттаманың 50(1)-бабында «конвенция нормалары комбатант емес кез келген тұлғаға және адамның бейбіт тұрғын екеніне күмән туған кезде қолданылады», – деп жазылған.

Төртінші конвенцияда бейбіт тұрғындарды қорғау, соның ішінде олардың құқықтарын, ар-ожданын, сенім-нанымы мен діни бостандығын қорғау жөніндегі нормалар келтірілген және азаптауға, басқа да адамгершілікке жатпайтын әрекеттерге тыйым салынады. Жарақаттанған және сырқат адамдар айрықша қорғауға алынып, құрметтелуі тиіс, сондай-ақ оларға қатысты сот істерінің тиісті деңгейде жүргізілуіне кепілдіктер беріледі. Оккупацияланған территориядағы бейбіт халықты қорғау туралы төртінші Женева конвенциясының III бөліміндегі III секцияда жазылған. Бірақ оккупацияланған территория деген ұғымның өзі даулы болуы мүмкін. Гаага нормаларының 42-бабы бойынша оккупацияланған территория деп «қарсы мемлекеттің, яғни дұшпан әскерінің билігіне өткен территорияны» атаймыз және «сол территорияда қарсы мемлекеттің билігі жалғасып жатқан» кезде ғана қолданылады. Ал конвенцияның 2(2)-бабы бойынша Женева конвенциясының нормалары толық немесе ішін-анара оккупацияланған территорияларға қатар қолданыла береді. Тіпті «оккупацияланған мемлекет тұрғындары қарсылық танытпаса да қолданыла беретіні белгіленген. Халықаралық сот Конго демократиялық Республикасы мен Уганда арасындағы ісінде басқа мемлекеттің территориясында қарулы күштері орналасқан мемлекетті «оккупациялаушы мемлекет» деп танымыз ба деген сұрақ қойып, «Алдымен оның сол территорияны оккупациялағанына жеткілікті дәлел болуға тиіс және сол жерде билік жүргізіп отырғанын дәлелдеу керек» деген қорытынды шығарды. Сот бұл істе Уганда қарулы күштері Конгоның белгілі бір аудандарында ғана орналасқанын, Конго үкіметінің билігін сол аудандарда ғана ауыстырғанын атап айтқан.

Жалпы, қарсы мемлекеттің территориясын әскери тәсілдерді қолдану арқылы оккупациялау «соғыс оккупациясы» деп аталады. Ал, халықаралық құқық оккупациялаушы күш пен оккупацияланған халықтың арасындағы құқықтық қатынастардың шеңберін белгілейді. Бұл тұрғыда оккупация жасалды деу үшін оның негізгі екі белгісі болуға тиіс: бірінші – алдыңғы билік бұл территорияда енді өз билігін жүргізе алмайтындай болуы керек; екінші – оккупациялаушы күш алдыңғы билікті ауыстыруға қауқарлы болуға тиі. Оккупациялаушы күш сол территориядан шыққан сәтте оккупация тоқтатылған болып есептеледі.

Гаага нормаларының 43-бабында оккупацияның негізгі ережелері көрсетілген. Бұл жерде бірнеше маңызды элемент бар. Біріншіден, оккупациялаушы күшке «билік» қана өтеді, бірақ егемен билік өтпейді. Бұрынғы мемлекет егемен билігін сақтап қалады, тек өзі келісім бергенде ғана ондай биліктен айырылады. Екіншіден, оккупациялаушы мемлекеттің билігінің негізі тиімді билік жүргізе алуында. Үшінші – оккупациялаушы күш сол территорияда қоғамдық тәртіпті сақтауға құқылы және міндетті. Төртінші – сол территорияда бұрыннан қолданылып келе жатқан заң мүмкіндігінше сақталуға тиіс. Мысалы, Иордан өзенінің батыс жағалауындағы жағдай бұл мәселенің әлі де өзекті екенін көрсетіп отыр. Израиль халықаралық қауымдастықтың бұл жағалауды ешқашан Иорданияның территориясы деп мойындамағанын, сондықтан оған аталған конвенцияны қолдануға болмайтынын алға тартады. Басқаша айтқанда, даулы территорияға бұл конвенцияны қолдану сол жерге Иорданияның егемен билігі таралатынын мойындағанмен тең. Дегенмен Халықаралық соттың айтуынша, «конвенция нормаларын осы құжатты мойындайтын екі немесе одан да көп тараптардың арасындағы қарулы қақтығыс барысында оккупацияланған территорияның кез келгеніне қолдануға болады». Сондықтан Халықаралық сот Израиль мен Палестина арасындағы даулы территория жөнінде «Израильмен арада қақтығыс туындағанға дейін жасыл шеғарадан (яғни 1949 жылы белгіленген бітімгершілік шеғарасынан) шығысқа қарай жатқан, қақтығыс барысында Израиль оккупациялаған Палестина территориясына бұл конвенцияны қолдануға болады және сол территорияның құқықтық мәртебесін анықтау үшін тексеру жұмыстарын жүргізудің қажеті жоқ», – деп мәлімдеді. Ал, Эритрея мен Эфиопияның арасындағы дауды қараған комиссия



«Ондай (халықаралық гуманитарлық құқық белгілеген) қорғау шараларына күмән келтіруге болмайды, себебі соғысушы тараптар территорияның мәртебесін даулап отыр... ал ондай дау шыққан кезде халықаралық қорғау шаралары территорияның мәртебесіне еш нұқсан келтіре алмайды» деген ұстанымды алға тартты.

Сұрақтар

1. Халықаралық шарттардың Гаага және Женева конвенциялары деп екі санатқа бөлінуі немен байланысты?
2. Әскери операция жүріп жатқан территорияға қатысты дау туындауы халықаралық гуманитарлық құқықты қолданбауға негіз бола ала ма?
3. Қарулы қақтығыстар кезінде бейбіт тұрғындардың қандай құқығы болады?

Әдебиеттер

1. L.Green, The Contemporary Law of Armed Conflict, 3rd edn, Manchester, 2008.
2. The Handbook of International Humanitarian Law in Armed Conflict (ed. D. Fleck), 3rd edn, Oxford, 2013.